

ЭОЖ 327.7

FTAMP 11.25.67

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2025.61.3.011>

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ӘЛЕМДЕГІ СОҢҒЫ
ГЕОСАЯСИ КЕРНЕУ ЖАҒДАЙЫНДА:
ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР**

Медеубаева Ж.М.¹, *Таштемханова Р.М.², Катпеннова А.З.³
^{1, *2, 3} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Бүгінде Ресей мен Украина арасындағы қарулы қақтығыстың салдары халықаралық саясат пен әлемдік экономикада айтарлықтай көрініс табууда. Сол сияқты Орталық Азия мемлекеттері осы соғыстың саяси, әлеуметтік-экономикалық ықпалын сезінуде. Аймақтың бес елінің Ресейдің 2022 жылдың басында Украинаға қарсы бастаған «арнайы операциясына» дейінгі кезеңдегі және бүгінгі таңдағы жағдайы мен әлеуетін үстіртін салыстырудың өзі мәселенің қаншалықты күрделенгенін көрсетеді. Жанжалдың үш жылдан астам уақытқа созылып кетіп, жуық арада толастау мүмкіндігінің бұлдыр болуы оның жуық және орта перспективадағы алаңдатушылық пен тәуекелдердің көзі болып қала беретінін дәлелдейді. Мақалада қарастырылып отырған мәселенің осындай өзектілігі тұрғысынан Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Тәжікстанда соңғы кезде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайды салыстырмалы түрде саралау міндеті қойылды. Бұндай саралау нәтижесінде экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер ОА мемлекеттерінде бірыңғай болмағанмен, аймақ бойынша орташа жағдай Ресейдің «арнайы операциясына» дейінгі кезеңдегімен салыстырғанда ілгерілемеген және оның кері кеткен тұстары басым екендігін көрсетеді. Мақалада Еуразиялық Экономикалық Одақ факторына мән беріліп, Ресейге салынған санкциялардың ауыртпалығы оның мүшелері арасында бөлініп, Қазақстан мен Қырғызстан солтүстік көршіге тиген соққыны жұмсартуға мүмкіндік жасап отырғандағы қорытындыланған. Сонымен бірге, аймақ елдерінің әрқайсысы қалыптасқан жаңа геосаяси және геэкономикалық жағдайға шама-шарқынша бейімделіп, сыртқы саясат пен дипломатияда жаңа мүмкіндіктерді игеруге ұмтылып отыр. Сонымен қатар, бұл мемлекеттер үшін Украинадағы соғыстың салдарынан туындаған тәуекелдері мен мүмкіндіктерін ашып көрсетуге тырыстық. Қорытындыда аймақтағы жағдайдың жақын, орта және алыс перспективалардағы дамуына болжам жасалады.

Тірек сөздер: Орталық Азия, Қазақстан, Ресей, арнайы операция, Украинадағы соғыс, жаңа геосаясат, геэкономика, аймақтану, Транскаспийлық халықаралық тасымалдау маршруты

Кіріспе

XXI-ғасырдың әрбір онжылдығының басы халықаралық саясаттағы дүрбелеңмен басталып жатқанын көреміз. Егер жаңа ғасыр халықаралық терроризмнің шабуылы мен оған қарсы күрес ұранымен басталаса, екінші онжылдықтың басында Таяу Шығыс, Солтүстік Африка елдеріндегі «араб көктемі» деп аталған, арыны әлі күнге дейін толастамаған кең саяси қозғалыстар бас көтерді. Ал үшінші онжылдықтың басы ресейліктер мен украиндар сияқты түбі славян, тілі, ділі ұқсас, бауырлас екі халықтың арасындағы қанқұйлы соғыспен ашылды. Алдыңғы екі құбылыс Орталық Азияға, Қазақстанға тікелей әсер етпей, олардың «діни радикализм, экстремизм, терроризм қаупі» деген факторлық, жанама ықпалы болса, соңғы жайттың «посткеңестік» деп аталатын ортақ кеңістікте орын алғандықтан, ызғары ондағы елдерге бірден сезілді.

Ресейдің Украинадағы «арнайы операция» деген атқа ие болған агрессияшыл әрекеттерінің салдарынан әлемде жаңа геосаяси жағдай қалыптасқаны белгілі. Сонымен бірге, бұл соғыс әлемдік экономикадағы жаһандану үрдістері нәтижесінде қалыптасып қалған өзара әрекет қағидаттары мен байланыс жолдарын қайта қарап, түбегейлі өзгертуге итермеледі. Осы ретте Орталық Азия аймағы өзінің әлемдік саясаттағы байланыстары, жаһандық экономикалық, нарықтық жүйедегі алар орнында түбегейлі өзгерістерді бастан кешіріп отырғаны сөзсіз.

Аймақ елдерінің ішінде Ресеймен шекаралас Қазақстандағы экономикалық-әлеуметтік жағдайдың нақ осы соғыстың көлеңкесінде өрбіп жатқаны белгілі. Бұндай жағдай елдің саяси истеблишментін, ғылыми, сарапшылық топтарын алаңдатып, мәселеге кешенді мән берумен қатар, терең пайымдап, нақты болжамдар жасап, ырықтау амал-шараларын ұсынуға итермелеп отыр.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Жалпы Орталық Азия мемлекеттерінің егеменді дамуы, олардағы заманауи үрдістерге қатысты зерттеулер жан-жақты, толымды деуге болды. Мәселеге аймақтық, яғни, отандық зерттеушілерге қарағанда жақын, алыс шетелдегі ғылыми топтар жіті назар салып, көбірек қалам тартты. Олардың еңбектерінде бес елдің ішкі жағдайы, саяси жүйелерінің ерекшеліктері, ілгерілеуі мен сыртқы саясаты сарапталған. Негізі осы «ұлттық парадигманың» әлеуеті барынша пайдаланылып, ол аймақ елдерінің ұлттық идеологиясының, мемлекеттілігінің қалыптасып, ірге тасының бекуін ғылыми тұрғыдан тұжырымдауға барынша қызмет етті. Оның үстіне бүгінде Орталық Азиядағы мемлекетаралық қатынастар, халықаралық үдерістер аймақтық тұтастық идеясын өрбітуді талап етеді.

Бүгінде Орталық Азия елдеріне қатысты мәселелерді зерттеуде «аймақтық парадигмаға» жол берер уақыт келді. Қазіргі геосаяси өрісте орын алып отырған беталыстар мен құбылыстар Орталық Азия елдерін «аймақтық ынтымақтастыққа», аймақтану мен интеграцияға мәжбүрлеп отыр десек те болады. Аймақтық саясаттағы шешуші болып келген екі жақты

қатынастар жүйесі көпжақтылыққа орын беруде. Сондықтан, мақалада Орталық Азияны біртұтас аймақ, ондағы елдер бір-бірімен тек ортақ тарихи өркениетпен ғана емес, сонымен бірге, бүгінгі геосаясат, геоэкономикамен тығыз байланысқан деп қарастырылу талпынысы жасалды.

Зертеу барысында сараптамалық ақпаратты жүйелеп, зерделеумен қатар, аймақ елдерінің ішкі даму көрсеткіштері бойынша статистикалық деректерді талдауға үлкен мән берілді.

Мәселені зерттеуде салыстырмалы сараптау, кейс қалыптастыру (аймақтың әрбір елі бойынша), болжамдық сценарийлер жасау әдістері пайдаланылды. Қойылған ғылыми мәселеленің шешілуі кабинеттік әдіс арқылы қорытындыланды.

Нәтижелер

Ресеймен тарихи, экономикалық байланыстарының тамыры терең Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық-әлеуметтік жағдайына бұл соғыс жағымсыз әсер беріп отырғаны бүгінде ешкімге құпия емес. Ашық жарияланымдағы ақпаратты сараптау Украинадағы соғыстың зардабын аса қатты тартқан аймақтардың бірі Орталық Азия болып табылатынын меңзейді. Бұлай болатыны заңды да, өйткені, аймақ елдері Ресеймен кеңес дәуірінде қалыптасқан етене экономикалық жүйелік байланыстар үзбей және оларды егеменді даму кезінде одан ары қордаландырды. Зерттеушілердің пікірі бойынша экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер ОА мемлекеттерінде бірыңғай болмағанмен, аймақ бойынша орташа жағдай Ресейдің «арнайы операциясына» дейінгі кезеңдегімен салыстырғанда ілгерілемеген және оның кері кеткен тұстары басым.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелік факторы Қазақстан және Қырғызстанның жағдайында осалдыққа алып келді. Ресейге салынған санкциялардың ауыртпалығы Еуразиялық одақ мүшелері арасында бөлініп, бұл елдер Ресейге тиген соққыны жұмсартуға мүмкіндік жасап отыр.

Аймақ елдерінің қайсысы болмасын Украинадағы жанжалдың жағдайына мүмкіндігінше бейімделіп, Ресей мен Батыс арасында теңгерімді саясат жүргізуде. Бес мемлекет дәстүрлі болып қалған көпвекторлы сыртқы саясатты одан ары жүргізіп, геосаяси кернеу жағдайында өздерінің дипломатиялық алаңдарын кеңейтуге ұмтылуда.

Әлемдегі геосаяси кернеу мен жаңа геоэкономика Орталық Азияның бес мемлекеті үшін айтарлықтай қиындықтар мен тәуекелдер тудыруымен қатар, тың мүмкіндіктер беріп, жаңа көкжиектер ашуда. Бұл ОА мемлекеттердің табиғи байлық, тасымал әлеуетін ұтымды пайдалана отырып, ішкі дамуымен бірге, тығыз ынтымақтастыққа бет алуымен, аймақтануымен байланысты.

Талқылау

Украинадағы шиеленістің Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық жағдайына әсері

Егер аймақтың әрбір еліндегі экономиканың жағдайды қарастыратын

болсақ, Тәжікстанда Ресейге қарсы алғашқы санкциялар салынғанда, атап айтқанда, ресейлік банктердің SWIFT жүйесінен ажыратылғанда, ақша аударымдарының кешігуі, немесе күрт төмендеуі, валюта нарығында ресей рублінің құны мен азық-түлік бағасының өсуі орын алды. Аударымдарға қатысты жағдай және рубль бағамы белгілі бір уақыттан кейін тұрақтанды, бірақ баға, өкінішке орай, төмендемеді, ал ресейлік қоныс аударушылардың ағыны бұл жағдайды тек қиындатты [1].

Ресми деректерге сәйкес Тәжікстандағы инфляция өткен жылы 4,2% құрады, дегенмен ондағы нарықтағы жағдайды үстірт қарастырудың өзі біраз сәйкессіздіктерді көрсетеді. Бұл жағдайды тәжік сарапшылары нақты деректерді ресми деректермен салыстыруға мүмкіндік беретін балама статистиканың жоқтығымен түсіндіреді. Көп мәселелерге Тәжікстандық экономистер мен саясаттанушылардың пікірлері қарама-қайшы. Тәжікстандық саясаттанушы Нуриддин Худоев Украинадағы соғыс Тәжікстанға қатты әсер еткен жоқ деп есептейді. Оның айтуынша, соңғы бір жылда елдер арасындағы тауар айналымы өсті, бұл оның пікірінше, не Тәжікстан Ресей Федерациясына санкцияларды айналып өтуге жанама түрде көмектесуінің, немесе Ресейдің жаңа нарықтарды игеруінің салдары болуы мүмкін. Сондай-ақ Н. Худоев соңғы бір жылда тәжікстандық еңбек мигранттары мен Ресей төлқұжатын алғысы келетіндердің саны артқанын айтады [2].

Тәжікстанға қарағанда Украинадағы соғыс Өзбекстанның көптеген салаларына айтарлықтай әсер етті. Бұл ретте инфляцияның өсуі анық байқалатын экономика саласында тәуелкелдердің бетін қайтаруға күш салынууда. Сонымен қатар, валюталық нарықтар мен банк секторы алдында ресейлік қаржы институттарымен серіктестікті сақтай отырып, екінші реттік санкцияларды болдырмау жолдарын іздеу мақсаты тұр. Бұнда да Орталық Азияның барлық мемлекеттеріндегі сияқты Ресей Федерациясынан көші-қон ағыны кері әсерін тигізіп, жылжымайтын мүлік нарығында бағаның айтардықтай өсуіне әкелді.

Саясаттанушы Т. Умеровтың пікірінше, Өзбекстан Украинадағы соғыстың шындығына бейімделуге тырысып, екінші реттік санкцияларға ұшырамау үшін Ресей мен Батыс елдері арасындағы теңгерімді сақтау саясатын жалғастыруда [2].

Украинадағы соғыс жалпы Қырғызстанның экономикасына, әсіресе, мигранттардың ақша аударымдарына кері әсерін тигізді. Саясаттанушы Медет Төленов қырғыз мигранттарының қақтығысқа араласып кеткенін де алға тартады. Ресейліктердің қоныс аударуының кері әсері жалдау бағасының өсуіне ғана емес, оны сатып алу құнына да әсер етті. Қырғызстанда ресейлік қоныс аударушылардың баспана сатып алуының өсу үрдісі байқалады.

Дегенмен, бұл үрдісте жағымды сәт те бар: қоныс аударушылардың кәсіпорындар мен жаңа фирмаларды ашуы жаңа жұмыс орындарының

ашылуына ықпал етеді және жалпы ішкі өнімнің көлеміне әсер ететіні анық. Бұл ретте қырғыз сарапшысы Украинадағы соғыстың созылып бара жатқанына және оның қашан аяқталатыны белгісіз екеніне ерекше алаңдаушылық білдірді.

Қырғыз сарапшысы М.Төлегеновтың Орталық Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы Ресей экономикасының қазіргі жағдайы мен болашағына байланысты болады деген пікірімен келісуге болады. Ол Қырғызстан экономикасының Ресей экономикасымен тығыз байланысына назар аударады және сыртқы экономикалық байланыстарды әртараптандыру әрекеттеріне қарамастан, болжамдардың көңіл көншітпейтінін атап өтеді [2]. Қырғызстан мен Қазақстан Ресейдің Украинаға басып кіруінің басталуымен жағдайы күрделене түскен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер екенін есте ұстаған жөн.

The Moscow Times ресейлік қызметі 2022 жылдың мамырында Украинадағы соғыс Ресейдің Еуразиялық экономикалық одақтағы серіктестерінің экономикалық жай-күйін қиындатқанын атап көрсетті. ЕАЭО мүшелерінің экономикасы ресейлік экономикаға тәуелді екені белгілі, сондықтан Батыстың санкциялары, Ресей Федерациясының тепе-теңдік қағидатын бұзуы экономикалық саладағы келеңсіз үрдістердің қалыптасуына және одан әрі тереңдеуіне негіз болды. Жыл басында ЕҚДБ (Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі – авторлар) қырғыз экономикасының өсімін 5% деп болжаса, Қырғызстан экономикасының соғыстың үш айында 1%-ға құлдырауы жоғарыда айтылғандардың айқын көрінісі болып табылады.

Қазақстанның ЖІӨ өсімі осы кезеңде 3,8%-дан 1,8%-ға дейін төмендеді. Қырғызстанның Ұлттық банкі 2022 жылдың соңында инфляцияны 12% деңгейінде күтсе, Қазақстан бағаны 13,2% көтеруге дайындалып жатқан [3]. Бұл көрсеткіштер жалпы ЕАЭО-ға мүше елдердің, атап айтқанда, Қазақстан мен Қырғызстанның экономикасындағы жағдайдың қаншалықты қиындағанын көрсетті.

Ресейде ресми түрде 1 миллионнан астам қырғыз жұмыс істейді, ал үйлеріне жіберілген ақша бюджет кірісінің айтарлықтай бөлігін құрайды. Алайда рубльдің құнсыздануына байланысты олардың кірісі күрт төмендеді. Мәскеудің ТМД елдеріндегі зейнетақы туралы келісімнен шығуы үлкен тосынсый болды. Келісімнен шығу Ресей бюджетін 2,2 миллиард рубльге дейін үнемдейді.

Украинадағы соғыстың күтпеген және ауыр зардаптарының бірі Ресейдің ЕАЭО елдеріне қант пен астық экспортына тыйым салуы болды. Қазақстандық экономист Алмас Чукин The Moscow Times ресейлік қызметіне берген сұхбатында мұндай тыйымның енгізілгенін Қазақстан мен Қырғызстан істің болары болып, бояуы сіңген кезде бірақ білді. Соғыс басталмай тұрып Мәскеу ЕАЭО-дағы серіктестерін импорттық қантты ортақ нарыққа жібермеуге шақырып, ресейлік қанттың қоры таусылмайтынына сендірген. Ресейдің ресми уәделеріне сенген Қазақстан өз қант өндірісін жолға қоймай, Латын Америкасы мен Азиядан келетін қанттан да бас тартқан.

ЕАЭО елдеріндегі инфляцияны қиындатқан фактор Ресей арқылы оларға азық-түлік қана емес, сонымен қатар киім-кешек, тұрмыстық техника, құрал-жабдықтар, құрамдас бөлшектердің де келуінің тұрақтанып қалған жолы болды. Халықаралық компаниялардың аймақтық кеңселері Мәскеуде орналасқан болатын. Украинадағы соғысқа байланысты көптеген ірі өндірушілер Ресейден кетіп қалды, осылайша ЕАЭО-ға мүше елдер көптеген тауарларынан шет қалу қаупі туды. Жеткізушілер Мәскеуді де қызықтыратын тауарларды жеткізудің балама жолдарын іздей бастады. Импорттың теңдесі жоқ сұр схемалары жүргізіле бастады.

Қазақстан жаңа геозекономиканың құрсауында

Украинадағы соғыс Ресейдің басты серіктесі Қазақстан үшін ауыр зардаптарға әкелді. Өткен жылы республикадағы инфляция 20%-дан асты, бұл Ресейдегіден екі есе дерлік артық, ал ресми статистика Қазақстан экономикасының осы кезеңдегі 3,1%-ға өскенін көрсетеді [4]. Осы орайда қаржы сарапшысы Арман Бейсембаев мұндай жағдайды «жайылу әсері» деп атағанын айтып өту керек. Санкциялық соққының Ресей экономикасына бағытталғаны анық, бірақ бұл соққы Еуразиялық одақ мүшелері арасында бөлінді. Ресейге қатты тәуелді Қазақстан экономикасы айтарлықтай тегеурінге ұшырады, өйткені Қазақстанға импорттың үштен бір бөлігі, тіпті одан да көп бөлігі дәстүрлі түрде Ресей арқылы өтеді. Ресей Федерациясына қарсы ауқымды санкциялардың енгізілуі Қазақстанға бұл елді айналып өту үшін көп уақытты қажет ететін жеткізу тізбегін бұзды және бұл үрдіс, өкінішке орай, әлі аяқталған жоқ.

Қазақстан ірі мұнай экспорттаушы елдердің бірі болғандықтан Ресейге салынған санкциялардан ұту керек еді. Оның үстіне былтыр көктемде 119 долларға жеткен мұнай бағасының өсуін және оның экспортының өсуін де ескеретін болсақ (2022 жылдың қаңтар-сәуірінде 25,3 млн тонна өндірілді, яғни, 2021 жылмен салыстырғанда 12,2%-ға өсті), табыс қайда деген сұрақ туады [4]. Дегенмен, Қазақстанның мұнай-газ саласының кірісі бұрынғы деңгейде қалды. Бұның себебі, жоғарыда айтылғандай, қазақстандық мұнайдың 80 пайызы Ресей Федерациясының аумағы арқылы өтетін «Батыс Қазақстан-Новороссийск (78%) және Атырау-Самара» мұнай құбырлары арқылы тасымалдануында (19%). Санкциялар Ресей порттарына кемелердің кіруіне әсер етті, сондықтан стандартты бағыттардың кестесі өзгерді, бұл құбыр арқылы тасымалдауға шектеулерге әкелгені белгілі. Осы себептерге байланысты Қазақстан мұнайды уақытша сақтау қоймаларын толтыруға мәжбүр болды және бұл өз кезегінде соңғы мұнай тасымалдау құнының өсуіне әкелді.

Жоғарыда аталған жағдайлар қазақстандық мұнай өнеркәсібін ішкі нарықты қамтамасыз етуді екі есе қысқартып, шикі мұнайды шетел валютасына сатуға итермеледі. Бұл бірінші кезекте дизельдік отын өндірісіне әсер етіп, оның тапшылығына және бағаның өсуіне әсер етті: 2021 жылмен салыстырғанда дизель отыны 42%-ға қымбаттады. Бұл ірі мұнай экспорттаушы Қазақстан үшін бұрын оңды солды болмаған құбылыс. Дизельдік отын бағасының күрт өсуі агроөнеркәсіптік кешенге зиянын

тигізді, шығыны көбейген аграрийлер жоғары пайызбен жаңа несие алуға мәжбүр болды.

Дизельдік отын бағасының қымбаттауы Республиканың өзінде де, Ресей Федерациясы арқылы транзитпен де жүк тасымалдауға ауыр жүк болды. Сайып келгенде, азық-түлік инфляциясы 2022 жылдың желтоқсанына дейін 24,1% -ға жеткен. Қазақстанда 2022 жылғы қарашадағы ресми деректер бойынша жалпы инфляция деңгейі 19,6%-ды құрады. Түрлі азық-түлік тауарларының қымбаттауы байқалды. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2021 жылдың желтоқсаны мен 2022 жылдың қыркүйегі аралығында қант 77%-ға, макарон өнімдері 36%-ға, құс еті 25%-ға, бидай наны 25%-ға және пастерленген сүт 21%-ға қымбаттады. Бағаның өсуі соғысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда (тіпті індеттің шарықтау шегінде де) екі, тіпті бес есе жоғары. Мысалы, 2021 жылға қант 15%-ға, құс еті 18%-ға, макарон өнімдері 15%-ға, сүт 8%-ға қымбаттаған [5].

Осы орайда, Қазақстандағы теміржолдың небәрі 40% электрлендірілгенін және соғыс жағдайында үнемі дизельдік отын бағасының көтерілуі байқалғандықтан, жүк тасымалдау құны да сәйкесінше өскенін атап өту керек. Оның үстіне республиканың теміржол желісі Кеңес Одағы кезінде салынып, Ресейге бағытталған. Мәселен, Оралдан Атырауға қатынайтын пойыз Астрахань, Волгоград, Саратов облыстарына соғуға немесе шығыс бағыт бойынша Ресей Федерациясының Орынбор облысы арқылы өтуге мәжбүр. Бұл тек темір жолға ғана емес, магистральдық жолдарға, электрлендіруге, газдандыруға да қатысты.

Украинадағы соғыс аса жағымсыз салдарының бірі – ұлттық валюта теңгенің рубльге қатысты әлсіреуі. Қазақстандық экономистердің пікірінше, АҚШ пен Еуропаның санкциялар рубльді айтарлықтай әлсірете алған жоқ, керісінше, теңгеге шабуыл жасады. Осылайша, жыл басынан бері базалық мөлшерлеме дәлізі 75%-дан 17%-ға дейін көтерілді.

Бірақ мұндай төтенше шаралардың өзі айырбас бағамын ұстап тұра алмады - бірнеше жылдар бойы қалыптасқан 1 рубль: 5-6 теңге шегіндегі бағам 2022 жылдың жазының ортасына қарай 1 рубль: 9 теңгеге жетті, яғни, өсім 50-80% құрады Сәйкесінше, Ресейден әкелінетін барлық дерлік өнімдер, сондай-ақ транзиттік тауар Қазақстан халқы үшін бірден қымбаттады [5].

Ұлттық статистикалық бюроның деректері Қазақстанның сауда серіктестері арасында Ресейдің басым екенін тағы да растайды. Мысалы, 2022 жылдың қаңтар-тамыз айларында Қазақстан Ресей Федерациясынан 11 миллиард долларға тауар импорттады, бұл өткен жылғы дәл сол кезеңмен салыстырғанда (2021 жылы 10,7 миллиард доллар) көп. 2022 жылдың қаңтар-тамыз айларында Ресейге экспорт 5 млрд. долларды құрады.

Еуропа мен АҚШ-тан Қазақстанға барлық транзит Ресей Федерациясының аумағы арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан үшін теңіз порттарына қолжетімділіктің шектелуі тасымалдау құнына әсер етіп, Ресейге тәуелділікті тереңдете түсті. Іс жүзінде Ресей Федерациясының салынған сауда блокадасы Қазақстанға соққы болып тиді. Азиядан, оның

ішінде Қытайдан келетін тауарлардың теңізбен Санкт-Петербург порты арқылы Қазақстанға келетінінің өзі жағдайдың қаншалықты ушыққанын көрсетеді [5].

Қазақстанның кейбір аймақтары да Ресейдің электр қуатына тәуелді. Бұған қоса, Қазақстан мен Өзбекстан газ тапшылығын бастан кешірді, бұл оларды ішкі нарыққа жеткізу бойынша Ресеймен келіссөздер жүргізуге мәжбүр етті. Бірақ бұл елдер Ресей белсенді түрде ілгерілетуге тырысқан қандай да бір «газ альянсы» құру мүмкіндігін жоққа шығарады.

Қазақстанның тағы бір осал жері негізінен Ресейде салынған көптеген су қоймаларының салдарынан Жайық өзенінің ағыны азая бастағандықтан, Қазақстанның батысында су тапшылығының сезілуінде.

Орталық Азия елдері үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктер

Саясаттанушы Темур Умаровтың пікірінше, Орталық Азия үшін көпвекторлы сыртқы саясат ең төменгі экономикалық әл-ауқаттың алғышарты болып табылады, оның үстіне, Ресей Батыспен байланысын үзу салдарынан аймақ елдеріне түсетін шығынды өтеуге дайын екенін аңғартпайды [2].

Бұған өңірдің барлық мемлекеттерімен тауар айналымының өсу көрсеткіштері дәлел: 2022 жылдың он айында Ресейдің Қазақстанмен тауар айналымы тоғыз айда 10%-ға, Өзбекстанмен – 40%-ға, Тәжікстанмен – 22%-ға, Қырғызстанмен алты айда 40%-ға, Түркіменстанмен бірінші тоқсанда 45%-ға өскен. 2022 жылдың сәуір-маусым айлары аралығында Орталық Азиядан Ресейге жұмысқа келгендердің саны рекордтық болып, Өзбекстаннан 1,5 миллион, Тәжікстаннан 952 мың, Қырғызстаннан 223 мың адам келді. Сәйкесінше, бұл елдерге Ресейден келетін ақша аударымдары өсті [2].

Бұндай өсім Ресей Федерациясына салынған санкцияларға және сауда ағынын қайта бағыттау қажеттілігіне, сондай-ақ соғыс салдарынан Ресей азаматтарының Орталық Азияға жаппай қоныс аударуына байланысты екенін айта кеткен жөн. Ресей Федерациясының аймаққа қызығушылығының артқанының дәлелі В.Путин мен әріптестерінің 2022 жылы 50-ден асатын онлайн және офлайн форматтағы тығыз байланысы болды.

Украинадағы соғыс басталғаннан бері Орталық Азия елдеріне Путиннен басқа Ресейдің барлық жоғарғы басшылығы премьер-министр Мишустин, Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Патрушевтен бастап «Газпром» басшысы Миллерге дейін және бірқатар губернаторлардың сапары белгілі. Ресей өзін оқшаулау әрекетінің «сәтсіздігін» әлемге паш етуде және Орталық Азия аймағындағы елдермен практикалық мәні бар мәселелерді шешуде қарқынды қимылдар жасауда.

Сарапшылар қауымдастығы өкілдері Орталық Азия мемлекеттерінің бүгінгі күнгі экономикалық жағдайын талдай отырып, Украинадағы соғыс олардың жаңа шындыққа бейімделу тұрғысынан аймақшілік ынтымақтастықты ұмтылуына серпін берді деген қорытынды жасауда. Аймақ елдеріндегі көптеген тенденциялардың ортақ сипатта болатынын атап өткен жөн: ең алдымен, инфляция, ал оның себептері ресейлік қоныс

аударушылар санының өсуі, нарықтарды қайта бағдарлау әрекеттері, сондай-ақ екінші реттегі санкцияларды болдырмау үшін әрекет жасау болды.

Украинадағы соғыс Орталық Азия елдері үшін қандай тәуекелдер тудырып отыр? Біріншіден, ресейлік және беларусь компанияларын Орталық Азияға көшіру және санкцияланған өнімдерді өз елдерінің нарығына шығару мүмкіндігі. Екіншіден, Ресей немесе Беларусь азаматтарының Орталық Азияда санкцияланған өнімдерді шығаратын және өз елдеріне жеткізе алатын компаниялар ашуы. Қазақстан мен Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжікстан АҚШ-тың санкцияланған тауарлардың транзиттік елдерінің тізіміне еніп үлгенген. АҚШ оларды Ресей мен Беларусь америкалық экспорттық бақылауды айналып өту үшін пайдаланған болуы мүмкін деп күдіктенеді. Өткен жылы АҚШ Ресейге ресейлік әскери-өнеркәсіп кешеніне микрочиптер сатқан өзбекстандық «Promcomplektlogistic» компаниясына қарсы санкция салған болатын. Ал 2023 жылдың ақпанында АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) Ресейдің әскери-өнеркәсіп кешенін қолдады деп айыпталған 12 компания мен 10 жеке тұлғаның санкция тізіміне Өзбекстанның бір тұрғынын енгізді. Ал Қазақстан Шенген аймағының сұр тізімінен орны алды.

Республика сұр импорт бойынша Ресей үшін маңызды дәлізге айналып қана қойған жоқ. Ресми деректер бойынша, 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Қазақстанда 15,4 мың ресейлік кәсіпорын тіркелді, бұл ел шаруашылығының барлық дерлік салаларында орын алды. Сарапшылардың айтуынша, Украинада соғыс басталғаннан кейін Ресей мен Беларусьтен келген бес мыңнан астам жүк көлігі Қазақстанда қайта тіркеуден өткен. Нәтижесінде Қазақстан бұларға халықаралық автомобиль көлігі нарығының 70%-ын берді өз қолымен берді, осылайша ресейлік және беларусь автотасымалдаушылары санкцияларды айналып өту үшін қазақстандық квота бойынша жүктерді Еуропаға және кері тасымалдауға мүмкіндік алды.

Екінші жағынан, АҚШ пен ЕО үшін экономикалық (батыс инвесторларының болуы) және геосаяси себептер бойынша Орталық Азия елдеріне қарсы қатаң санкциялар пакетін енгізу әлі де тиімді емес.

Қазақстан мұнайын Еуропаға жеткізетін құбырлардың клапанын бірнеше рет жауып тастаған Ресей Республиканы балама мүмкіндіктерді белсенді іздеуге итермеледі. Қазақстандық энергетикалық шикізаттарын еуропалық нарықтарға жеткізу жолдарын әртараптандырудың жаңа мүмкіндіктері Президент Қ.Тоқаевтың ЕО бірқатар көшбасшыларымен өткізген сұхбаттарының негізгі тақырыптарының бірі болды. Осы ретте мультимодальды тасымалдау бағыты және Қытайдан Еуропаға жүктерді жеткізу үшін Ресей Транссібір темір жолына балама болып табылатын Транскаспий халықаралық көлік маршрутының (бұдан әрі ТХКМ) маңыздылығы айқындалды. Қытайдан бастау алған дәліз Қазақстан, Каспий теңізі, Әзірбайжан, Грузия және Түркия арқылы өтіп, одан кейін Румыния, Польша, Украина сияқты Еуропа елдеріне өтеді. 2022 жылдың мамыр айында Финляндия тағы бір бағыт ретінде ашылды. Еуропалық

Одақ елдері Украинадаға соғыс салдарынан пайда болған энергетикалық мәселелердің бетін қайтару тұрғысынан бұл дәлізге үлкен мән беріп отыр [6].

Атап өтетін жайт, бұл жобаны жүзеге асыру идеясы әлемдік нарыққа шығудың қосымша жолдарын аса қажет ететін ең континенттік ел – Қазақстанда бастау алған. 2013 жылдың 7 қарашасында Астана қаласында өткен «Жаңа Жібек жолы» Іхалықаралық көлік-логистикалық бизнес форумы аясында «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ, «Әзербайжан темір жолы» ЖАҚ, «Грузия темір жолы» АҚ басшылары Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту жөніндегі Үйлестіру комитетін құру туралы келісімге қол қойды. Бүгінде ТХКМ қауымдастығына 20 компания кіреді, оның ішінде сегіз елдің темір жол әкімшіліктері, порттары, кеме қатынасы және басқа да көлік компаниялары бар. 2022 жылдың соңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Республиканың Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамытуға 20 миллиард доллар инвестиция тарту ниетін мәлімдеген еді [7].

«Қазақстан темір жолы» АҚ баспасөз қызметінің мәліметі бойынша 2022 жылдың қаңтар-қазан айларында Каспий теңізіндегі Ақтау порты арқылы Транскаспий халықаралық көлік маршруты бойынша тасымалданған жүк көлемі алдыңғы жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 66%-ға өскен [8]. Мамандардың айтуы бойынша дәліздің әлеуетін арттыру үшін қатысушы тараптар әлі көптеген күрделі саяси, қаржы, технологиялық, құрылымдық мәселелерді бірлесіп еңсеруі керек.

Осы тасымал бағытың дамуы Орталық Азия елдерінің алдында үлкен экономикалық, геосаяси мүмкіндіктер ашып қоймай, аймақтағы ынтымақтастық, бірлестік тұрғысынан да қолайлы жағдай туғызады. «Бірге біз Транскаспий дәлізін ұйым (Түркі мемлекеттері ұйымы. Авт.) елдерін болашақта біртұтас көлік жүйесіне біріктіру алаңына айналдыра аламыз», - деді Өзбекстанның сыртқы істер министрі В.Норов Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің сыртқы істер министрлерінің отырысында [9]. Дәліз бойында жүктерді тасымалдау мүмкіндігін арттыруға, уақыт пен шығынды қысқартуға, осы бағыттың көлік-логистикалық жүйесін цифрландыруға, сондай-ақ кедендік және көлік заңнамасын үйлестіруге және үндестіруге бағытталған бірлескен шаралар кешенін жүзеге асыру аймақ елдерін түркі және Орталық Азиялық интеграция мақсатына барынша жақындата түседі.

2024 жылы 19-мамырда Қытайдың Сиянь қаласында өткен ҚХР мен Орталық Азияның бес елінің саммитінде сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев «Қытай-Орталық Азия-Еуропа» бағытының негізгі учаскелерінің бірі Транскаспий дәлізі болып табылатын атап өтті. «Қытай негізгі жүк жөнелтуші екенін ескере отырып, біз көрсетілген бағыт бойынша максималды және үздіксіз жүк тиеуді қамтамасыз ету үшін бірлескен күш-жігерді жандандыру қажет деп санаймыз. Біз қытайлық серіктестерді Каспий теңізі порттарының мүмкіндіктерін кеңейту, олардың порттарын цифрландыру бойынша өзара тиімді ынтымақтастыққа шақырамыз» - деді Президент [10]. Әрине, негізгі жүк жөнелтуші болып табылатын

Қытайдың бұл дәлізді дамытуға қатысуы заңды және оның «Бір белдеу – Бір жол» жобасының логикасына сай. Сондықтан бұндай беталыс жақын болашақта ТХКМ-ның мүкіндіктерін кеңейтіп, әлеуетін арттыруға серпін берілері сөзсіз.

Қорытынды

Орталық Азияғы, сол сияқты еліміздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы және аймақтық геосаяси пішіндегі беталыстар, өзгерістер солтүстіктегі көршінің одан арғы іс-қимылдарына, шамашарқына байланысты болатыны анық. Соған байланысты мынадай болжамдық сценарийлер жасауға болады деп санаймыз:

- Жақын перспективада, яғни, алдыдағы айлар немесе жыл соңына дейін аймақ елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың одан ары құлдырауы мүмкін. Солтүстік көршіміз бүгінде халықаралық саясат пен экономикада, әскери салада қордалы қиындықтарға ұшырауда. Өзіне сыртқы әлемнен түскен қысымды, ауыртпалықты аймақтық кеңістікке таратып жіберуге дағдыланып қалған оның Орталық Азияға артар жүгі әлі де аз болмайды.

- Орта перспективада Орталық Азия елдері аймақішілік факторларға сүйене отырып, өздерінің халықаралық саяси, қорғаныс, әскери саладағы, сауда-экономикалық, еларалық тасымал байланыстарындағы екпінді өзгерте отырып, оларды әртараптандыру арқылы күрделі тәуекелдер мен қауіптерді ырықтандыруы әбден мүмкін.

- Әр нәрсенің қайыры бар дейді, болашақ немесе алыс перспективада Украинадағы соғыстың Орталық Азия үшін салдары өзінің оң әсерін танытуы ғажап емес. Біріншіден, ортақ тәуекелдер мен қауіптер бес елдің ынтымақтастығының, өзара түсіністігінің деңгейін көтеріп, Орталық Азиядағы аймақтану, интеграция үрдісінің логикалық шыңына жетуіне алып келеді деген үміттеміз. Екіншіден, егер Ресейдің халықаралық тасымал жүйесінен түсіп қалуын оңтайлы пайдаланса, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан әлемдік нарықта, инфрақұрылым мен логистикада өздерінің әлеуеті мен мүдделеріне сай, лайықты орын алатын күн алыс емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Russia's war in Ukraine and its impact on Central Asia. The Diplomat - 2022. <https://thediplomat.com/2022/10/russias-war-in-ukraine-and-its-impact-on-central-asia/>.

[2] Т. Умаров. Разрыв или сближение. Как война сказалась на влиянии России в Центральной Азии. – 2022. <https://carnegieendowment.org/politika/88671>.

[3] Как война России в Украине разрушает экономику ЕАЭС. – 2022. <https://www.moscowtimes.ru/2022/05/30/kak-voina-rossii-v-ukraine-razrushaet-ekonomiku-eaes-a20794>.

[4] «Мы ханпули от санкций». Как война в Украине сказалась на

казахстанцах. – 2023. <https://rus.azattyq.org/a/32281126.html>.

[5] Как война в Украине повлияла на экономику Казахстана. – 2023. <https://hromadske.radio/ru/news/2023/01/24/kak-rossyyskaia-voyna-protyv-ukrayn-povlyiala-na-konomyku-kazakhstana-aktobe-taums>.

[6] Немецкие бизнесмены заинтересовались развитием транспортного коридора. – 2022. <https://fergana.agency/news/127610/>.

[7] Казахстан хочет привлечь \$20 млрд для развития Транскаспийского маршрута. – 2022. <https://az.sputniknews.ru/20221111/kazakhstan-khochet-privlech-20-mlrd-dlya-razvitiya-transkspiyskogo-marshruta-448451416.html>.

[8] Перевозки по Транскаспийскому маршруту через порт Актау выросли более чем на 60%. – 2022. <https://az.sputniknews.ru/20221129/perevozki-po-transkspiyskomu-marshrutu-cherez-port-aktau-vyrosli-bolee-chem-na-60-449096847.html>.

[9] Транскаспийский коридор поможет интеграции тюркских стран – МИД Узбекистана. – 2022. <https://az.sputniknews.ru/20221110/transkspiyskiy-koridor-pomozhet-integratsii-tyurkskikh-stran-mid-uzbekistana-448403938.html>.

[10] Астана предложила Пекину участвовать в проектах по расширению портов Каспия в рамках ТМТМ. – 2023. <https://az.sputniknews.ru/20230519/astana-predlozhila-pekinu-uchastvovat-v-proektakh-po-rasshireniyu-portov-kaspiya-v-ramkakh-tmtm-455029387.html>.

REFERENCES

[1] Russia’s war in Ukraine and its impact on Central Asia. The Diplomat - 2022. <https://thediplomat.com/2022/10/russias-war-in-ukraine-and-its-impact-on-central-asia/>.

[2] T. Umarov. Razryv ili sblizeniye. Kak voyna povliyala na vliyaniye Rossii v Sredney Azii [Rupture or rapprochement. How the war affected Russia’s influence in Central Asia]. – 2022. <https://carnegieendowment.org/politika/88671> [in Russ].

[3] Kak voyna Rossii v Ukraine razrushayet ekonomiku YEAEs [How Russia’s war in Ukraine is destroying the EAEU’s economy]. – 2022. <https://www.moscowtimes.ru/2022/05/30/kak-voyna-rossii-v-ukraine-razrushayet-ekonomiku-eaes-a20794> [in Russ].

[4] “My hapnuli ot sanktsii”. Kak voyna v Ukraine skazalas’ na kazakhstantsakh [“We grabbed the sanctions”. How the war in Ukraine affected the people of Kazakhstan]. – 2023. <https://rus.azattyq.org/a/32281126.html> [in Russ].

[5] Kak voyna v Ukraine povliyala na ekonomiku Kazakhstana [How the war in Ukraine affected the economy of Kazakhstan]. -2023. <https://hromadske.radio/ru/news/2023/01/24/kak-rossyyskaia-voyna-protyv-ukrayn-povlyiala-na-konomyku-kazakhstana-aktobe-taums> [in Russ].

[6] Nemetskiye biznesmeny zainteresovalis’ potentsial’no opasnym koridorom [German businessmen are interested in the development of the transport corridor]. – 2022. <https://fergana.agency/news/127610/> [in Russ].

[7] Kazakhstan khochet privlech' \$20 mlrd dlya razvitiya Transkaspyskogo marshruta [Kazakhstan wants to raise \$20 billion for the development of the Trans-Caspian route]. - 2022. <https://az.sputniknews.ru/20221111/kazakhstan-khochet-privlech-20-mlrd-dlya-razvitiya-transkaspyskogo-marshruta-448451416.html> [in Russ].

[8] Perevozki po Transkaspyskomu marshrutu cherez port Aktau vyrosli boleye chem na 60% [Transportation along the Trans-Caspian route through the port of Aktau increased by more than 60%]. – 2022. <https://az.sputniknews.ru/20221129/perevozki-po-transkaspyskomu-marshrutu-cherez-port-aktau-vyrosli-bolee-chem-na-60-449096847.html> [in Russ].

[9] Transkaspyskiy koridor pomozhet dostich' vysokikh rezul'tatov v tyurkskikh stranakh – MID Uzbekistana [Trans-Caspian corridor will help the integration of Turkic countries - Ministry of Foreign Affairs of Uzbekistan]. – 2022. <https://az.sputniknews.ru/20221110/transkaspyskiy-koridor-pomozhet-integratsii-tyurkskikh-stran-mid-uzbekistana-448403938.html> [in Russ].

[10] Astana predlozhila Pekinu uchastvovat' v proyektakh po rasshireniyu portov Kaspiya v ramkakh TMTM [Astana invited Beijing to participate in projects to expand the Caspian ports within the framework of the TITR]. – 2023. <https://az.sputniknews.ru/20230519/astana-predlozhila-pekinu-uchastvovat-v-proektakh-po-rasshireniyu-portov-kaspiya-v-ramkakh-tmtm> [in Russ].

ГОСУДАРСТВА ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В УСЛОВИЯХ НОВОЙ ГЕОПОЛИТИЧЕСКОЙ НАПРЯЖЕННОСТИ В МИРЕ: РИСКИ И ВОЗМОЖНОСТИ

Медеубаева Ж.М.¹, *Таштемханова Р.М.², Катпенова А.З.³

^{1, *2, 3} Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

Аннотация. Сегодня последствия вооруженного конфликта между Россией и Украиной существенно отражаются на международной политике и мировой экономике. Государства Центральной Азии так же ощущают политическое, социальное и экономическое влияние этой войны. Тот факт, что конфликт продолжается уже более трех лет, а перспективы его окончания в ближайшем будущем неясны, доказывает, что он остается источником беспокойства и риска в краткосрочной и среднесрочной перспективе.

Даже поверхностное сравнение ситуации и потенциала пяти стран региона до «спецоперации» России против Украины в начале 2022 года и сегодня показывает, насколько усложнилась проблема. С точки зрения актуальности рассматриваемого в статье вопроса была поставлена задача сравнения современной социально-экономической ситуации в Казахстане, Узбекистане, Кыргызстане, Туркменистане и Таджикистане. Данный анализ показывает, что, хотя экономические и социальные показатели в странах Центральной Азии неоднородны, в среднем ситуация в регионе не улучшилась по сравнению с периодом до «спецоперации» России в Украине и преобладает отрицательная статистика в принципиальных

отраслях экономики и социальной жизни. В статье рассматривается фактор Евразийского Экономического Союза и делается вывод о том, что бремя санкций, наложенных на Россию, распределяется между его членами. Казахстан, Киргизия предоставляют возможность смягчить последствия санкции для РФ. В то же время каждая из стран региона по-своему адаптируется к новой геополитической и геоэкономической ситуации и стремится использовать новые возможности во внешней политике и дипломатии. Кроме того, мы попытались выявить дальнейшие риски и возможности для этих государств, вызванные войной в Украине. В заключении прогнозируется развитие ситуации в регионе на ближнесрочной, среднесрочной и дальнесрочной перспективах.

Ключевые слова: Центральная Азия, Казахстан, Россия, спецоперация, война в Украине, новая геополитика, геоэкономика, регионализация, Транскаспийский международный транспортный маршрут

CENTRAL ASIAN STATES IN THE CONDITIONS OF LATEST GEOPOLITICAL TENSION IN THE WORLD: RISKS AND OPPORTUNITIES

Medeubayeva Zh.M.¹, *Tashtemkhanova R.M.², Katpenova A.Z.³
^{1, *2, 3}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. Today, the consequences of the armed conflict between Russia and Ukraine are significantly reflected in international politics and the world economy. Central Asian states are also feeling the political, social and economic impact of this war. Even a superficial comparison of the situation and potential of the five countries of the region before Russia's "special operation" against Ukraine in early 2022 and today shows how complicated the problem is. The fact that the conflict has been going on for more than three years and the prospect of a near-term end is unclear proves that it remains a source of concern and risk in the nearest and medium terms. From the point of view of the relevance of the issue under consideration in the article, the task of comparing the recent social and economic situation in Kazakhstan, Uzbekistan, Kyrgyzstan, Turkmenistan and Tajikistan was set. This analysis shows that although economic and social indicators in the countries of Central Asia are heterogeneous on average the situation in the region has not improved compared to the period before Russia's "special operation" in Ukraine and negative statistics prevail in key sectors of the economy and social life. The article focuses on the Eurasian Economic Union factor, concluding that the burden of sanctions imposed on Russia is being shared among its members. Kazakhstan and Kyrgyzstan are providing an opportunity to soften the blow to Russia. At the same time, each of the countries in the region is adapting to the new geopolitical and geoeconomic situation and is striving to exploit new opportunities in foreign policy and diplomacy. In addition, we tried to reveal new risks and opportunities for these states caused by the war in Ukraine. In the conclusion the development of the situation in the region in the short, medium and far perspectives is predicted.

Key words: Central Asia, Kazakhstan, Russia, special operation, war in Ukraine, new geopolitics, geoeconomics, regionalization, Trans-Caspian international transport route

Авторлар туралы мәлімет:

Медеубаева Ж.М. - профессор, тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: balapan1967@yandex.kz

Таштемханова Р.М. - профессор, тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: tashtemkhanova@mail.ru

Катпенова А.З. - PhD кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: assel.katpenova@gmail.com

Информация об авторах:

Медеубаева Ж.М. - профессор, кандидат исторических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: balapan1967@yandex.kz

Таштемханова Р.М. - профессор, доктор исторических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: tashtemkhanova@mail.ru

Катпенова А.З. - кандидат PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: assel.katpenova@gmail.com

Information about the authors:

Medeubayeva Zh.M. - Professor, Candidate of Historical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: balapan1967@yandex.kz

Tashtemkhanova R.M. - Professor, Doctor of Historical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: tashtemkhanova@mail.ru

Katpenova A.Z. - PhD Candidate, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: assel.katpenova@gmail.com

*Мақала түсті: 18 Мамыр 2025
Жариялауға қабылданды: 25 Қыркүйек 2025*